

FTAMP 04.11.21

Ж.С. Таджибаева (orcid-0000-0002-3429-8664)*Педагогика магистрі**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан*
*e-mail: zhanna.tadzhibaeva.84@mail.ru***БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ РУХАНИ-
АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ВОЛОНТЕРЛІК ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа. Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтың қызметі, әлеуметтік педагог жұмысының негізгі бағыттарының бірі – волонтерлық қызметтің сипаттамасы, рухани-адамгершілік тәрбиені волонтерлік әрекет арқылы қалыптастыру баяндалады. Волонтерлік қызмет – әлеуметтік бағытталған ерікті, еркін ерік білдіру бойынша орындалатын, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесінде өтеусіз негізде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы қызмет. Волонтерлық қызметтің түрлі бағыттары: медиа-волонтерлік, жануарлармен волонтерлік, мәдени волонтерлік, спорттық волонтерлік, этно-волонтерлік т.б. көрсетіледі. Волонтерлік қызметтің негізгі түрлері - әлеуметтік көмек, халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған бөлігіне, өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға қол ұшын созуға қатысу, қарияларға, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету, денсаулығында ақауы бар балалар үшін қолайлы жағдайлар ұйымдастыру, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік бейімдеу, табиғат апаттарынан, әлеуметтік шиеленістерден зардап шеккен азаматтарға, өз елінен еріксіз кетушілерге көмек көрсетуге қатысу, жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайлардың алдын алуға және салдарларын жоюға көмек көрсету, хабарсыз кеткен туыстарын іздеуге қатысу, қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, тарихи және мәдени мұраны сақтауға атсалысу, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу т.б. болып табылады. Зерттеу жұмысында сұрақ-жауап, анкета және интервью әдістері пайдаланылды. Жалпы интервьюға 23 азамат қатысты. Респонденттердің жауаптарын талдай келе, волонтер қызметінің аса маңызды екендігін және көмекке мұқтаж азаматтар үшін өте қажетті екендігіне көз жеткіздік. Жамбыл облысы бойынша волонтерлардың жұмыс бағыттары, талаптары мен қажеттіліктеріне зерттеу жүргізілді.

Тірек сөздер: волонтер, волонтерлік іс, рухани-адамгершілік, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік көмек, коррекция, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, халыққа қызмет көрсету, «Біз біргеміз», интервью, респондент, Волонтер жылы - 2020, пандемия.

Кіріспе. Адамгершілік тәрбиенің теориялық мәселелері ертедегі шығыстық зиялылар Әбу-Насыр Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, М.Х.Дулати, Қожа Ахмет Яссауи, Қазақ елінің біртуар зиялы қауым өкілдері Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов т.б. шығармашылығында көрініс тауып, бүгінгі ұрпаққа мирас ретінде жетіп отыр. Рухани-адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі деп анықтама берілген. Рухани-адамгершілік тәрбие жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі және ең негізгісі деп айтсақ та

болады. Себебі рухани байлық ол адамзат баласының материалдық байлықпен қоса алғандағы өмірлік қажеттіліктерінің бірі дер едім.

Әсіресе қазіргі таңда рухани-адамгершілік тәрбиені жас ұрпақтың бойына сіңіру – заман талабынан туған қажеттілік болып отыр. Бүгінде жастар арасында телефонға тәуелділіктің анағұрлым артқаны белгілі. Жаһандану дәуірінің жетістіктерімен қоса, адам баласына тигізген зиянды әсері де болды. Атап айтсақ, уақытты зая кетіру, пайдасы жоқ контенттермен айналысу, әдеби кітаптарға деген сүйіспеншіліктің азаюы, адам бойында қаталдықты туындататын атыс ойындарына тәуелділік т.б. Осындай келеңсіздіктің салдары жастар арасында өзгелерге деген немқұрайлық, қаталдық, мейірімсіздік сияқты қасиеттерді туындатты. Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың биылғы қыркүйек айындағы Қазақстан халқына жолдауында NEET санатындағы жастардың, яғни жұмыс жасамайтын, оқуға қызықпайтын жастардың көбейіп кеткендігін тілге тиек етті. Осының барлығы рухани-адамгершілік тәрбиенің қазіргі әлемдегі өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Рухани-адамгершілік тәрбие балаға жастайынан берілуі керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан бала дүниеге келген сәттен бастап, оның бойына мейірімділік, адалдық, үлкенге деген құрмет, жанашырлық сезімдерін дамыту керек. Тәрбие басы – тал бесіктен, яғни отбасынан басталуы тиіс. Отбасында жақсы тәрбие алған баладан болашақта Отанын сүйетін, адал азамат қалыптасуы заңды. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің тағы бір тәсілі - ұлттық рухта тәрбиелеу. Ата-бабаларымыз өз ұрпағын парасатты, адамгершілігі мол, елін қорғай алатын, рухы мықты ұрпақ болып тәрбиеленуіне аса мән берген. Ұлттық сана-сезімді баланың бойына жастайынан сіңіріп отыру керек. Кішкентай балаға үлкен кісіге амандасу, алдын кесіп өтпеу секілді әрекеттерді жасатудың өзіндік тәрбиелік мәні бар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, ырым-тыйым сөздерінің қай-қайсысын алсақ та шынайы өмірмен байланысып, тәжірибеден туындаған.

Отбасындағы тәрбиені адам өз өмірінің «Алтын бесігі» мектеп қабырғасында жалғастырып, өмір заңдылықтарын үйренеді. Мектептегі ұстаздың тұлғасы бала үшін ата-анасынан кейінгі үлгі іспеттес. Сондықтан бала тәрбиесімен айналысатын ұстаздар қауымының рухани жетілген, толысқан тұлға болуы шартты. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы деген аталы сөз осының дәлелі. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білу – ұстаздың қасиетті борышы.

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда білім беру жүйесінің міндеті рухани бай, жан жақты дамыған, өзіне сенімді жеке тұлғаны қалыптастыру. Рухани әлемі толысқан, ата-анасының, ұстаздарының, қоршаған ортасының жағымды әсерін сезініп өскен балада, өзгелерге деген агрессия болмайды. Ол өмірдің мәнін түсінеді, материалдық құндылықтардан да рухани құндылықтарды жоғары санайды. Міне XXI ғасырдың жетілген ұрпақтары, көркейген Қазақстанның болашағы. Аға ұрпақтың жастардың бойынан көргісі келген қасиеттердің барлығын сіңірген жас ұрпақтың заманауи келбеті. Осындай

сипаттағы жас буынның тәрбиесі бүгінгі күні отбасы мен ұстаздардың тәрбиесінің дұрыс бағытта берілуіне байланысты. Жалпы білім беру екі аспектіде жүргізілуі тиіс. Біріншісі, интеллектуалды (сыртқы білім) дамыту болса, екіншісі, адамгершілік (ішкі жан-дүниенің білімі). Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Жас ұрпақтың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани адамгершілік тәрбиені жас ұрпақтың бойына педагогикалық әдістермен сіңірудің бірнеше жолдары бар. Атап айтатын болсақ:

- адамгершілік тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу;
- волонтерлік қызметтің ерекшеліктерін түсіндіру;
- қайылымдылық акцияларын ұйымдастыру;
- ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеру мақсатында сынып сағаттарын, мерекелік іс-шараларды, дөңгелеу стол, дебат, интеллектуалды жарый ойындарын ұйымдастыру;
- жалпыадамзаттық құндылық туралы видеофильмдер, видеороликтер көру;
- қазақ халқының тарихын, рәміздерін, тілін, тарихын, салт дәстүрлерін меңгертуге арналған тәрбиелік іс-шаралар өткізу т.б.

Рухани-адамгершілік тәрбие мәңгілік тақырып деп атасақ болады, себебі адамзат болып қалыптасудың негізі – адамгершіліктен бастау алады. Адамгершілікті қалыптастырудың сан алуан педагогикалық тәсілдерінің түрі өте көп. Біздің тоқталатын мәселеміз, волонтерлік іс-әрекет арқылы рухани-адамгершілік тәрбиені жас ұрпақтың бойына сіңіру болып отыр.

Өзінен әлсіздерге, күші аз адамдарға көмектесу ықылым заманнан келе жатқан, адам баласына тән әдет болып табылады. Әрқашанда қоғамда адамзаттың игілігі үшін қызметін аямайтын адамдар аз болмаған. Өзге халық өкілдеріне есігін айқара аша білген, бір үзім нанымен бөліскен, соғыс кезінде де өзге ұлт өкілдерін бауырындай көрген қазақ халқының жанының жомарттығы мен кең жүректілігі қанына сіңген қасиет екендігі мәлім. Қазақ халқында «Сый қылсаң сыпыра қыл», «Үлкенге ізет, кішіге құрмет» деген аталы сөздер атадан балаға мирас болып келеді. Жалпы адам баласына көмек қолын созу жүрегінде жылуы бар, өзгенің қайғысана бей жай қарамайтын көңілі кең адамның қолынан келетін іс. Өзге адамдарға көмектесу үшін міндетті түрде материалдық жағынан жетілген болудың қажеті жоқ, тек қана мейірімді жүрегі болса болғаны. Қазіргі таңда да өзгелерге көмекке дайын жүрегі жұмсақ адамдар баршылық. «Расында, адамның ең жақсысы – басқаларға пайдалы болғаны, ал амалдардың ішіндегі Аллаға ең сүйіктісі – адамдардың жүрегіне қуаныш сыйлау», - делінген хадисте. Сондықтан да жалпы адамзат баласына жасалған жақсылық үшін берілетін сауаптың көлемі өте ауқымды болмақ. Сондықтан да қолынан келіп тұрған көмегін өзгелерден аямау әркімнің ар-ұжданы алдындағы борышы болып табылады.

Волонтер сөзі латынның *Voluntarius* деген сөзінен шыққан, латын тілінен аударған кезде, ерікті өзі еркімен көмекке келетін деген мағынаны білдіреді. Волонтерлік іс (лат. тілінен *voluntarius – ерікті*) – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Ерікті кез келген саналы адам бола алады. Тек өзгеге жаны ашитын қасиет бойына тән болса болғаны. Еріктілер өзге адамдарға көрсеткен қызметтері үшін ақы сұрамайды, олардың ерікті деп аталуы да сондықтан. Өзгеге көмектесу жан қалауы болғандықтан, кейбір жағдайда өздерін әр түрлі қызметтер аясында сынап көріп, өмірлік жолдарын

анықтау мақсатында волонтерлықпен айналысады. Шет мемлекеттерге тоқталар болсақ жоғары оқу орнына түсерден бұрын жас маман өзін түрлі қызметтер атқарып сынайды. Және шет елдерде жұмысқа тұруда бәсекеге қабілеттілік қатаң болғандықтан, волонтерлық жұмыспен айналысудың өзінің артықшылықтары болатыны белгілі. Волонтерлықпен айналысушылардың жас шамаларына шектеу қойылмайды. Біздің елде волонтер болып тек жастар қызмететеді деген түсінік қалыптасқан. Статистика көрсеткендей, елімізді көп жағдайда волонтерлықпен 20-30 жас арасындағы жастар көбірек айналысады. Ал шет мемлекеттерде тіпті 40 жастан асқан орта буын өкілдерінің 50 пайызының волонтер екендігі анықталған. Сонымен, бұл қызмет жасына, кәсібіне, ұлтына, мансабына байланысты бөлінбейді. Волонтер болған адамның білімі, қызметі, лауазымы, деңгейі мен дәрежесі маңызды емес. Ерікті деген- асыл адам, жақсы адам деген мағынаны білдіреді, еріктілерді осылай атаса артық етпейді. Өйткені, кейбіреулер еріктілерді қолы бос, ерігіп жүрген адам ретінде қабылдап жатады. Ерікті болу жеке тұлғаның өзінің потенциалын ашуға, жаңа адамдармен танысу арқылы коммуникациялық, лидерлік қабілеттерін ашуға командада жұмыс жасай білуге баулиды. Жалпы ерікті болу жеке тұлғаның рухани толысуына, өзінің ішкі әлемімен үндестік табуына көмектеседі.

Ендігі кезекте әлеуметтік педагог тұлғасына тоқталайық. Әлеуметтік педагог деген жалпы кім? Қазіргі білім беру кеңістігінде «әлеуметтік педагог» мамандығы көкейкесті әрі заман талабына сай мамандықтардың біріне айналып отыр. Жалпы әлеуметтік педагогика терминінің педагогика саласының бір бөлігіне айналғанына да көп бола қойған жоқ. Бұл XIX ғасырда пайда болған жас ғылым. Әлеуметтік педагогика – жалпы педагогиканың бір саласын ретінде басқа ғылым салаларының, атап айтсақ, философия, этика, әлеуметтану және педагогика салаларының тоғысуынан пайда болды. Ал осы ғылыммен айналысатын, ерекше мамандық егесі ол әлеуметтік педагог. Әлеуметтік педагог - әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы маман [1;18].

Әлеуметтік педагог жалпы мынадай мекемелерде қызмет жасай алады:

- коррекциялық орталықтар;
- білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагог;
- халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы маман;
- төлемақы зейнетақы, халыққа әлеуметтік төлемдер беру орталықтарындағы маман;
- балалардың құқығын қорғау орталықтарында, департаменттерінде жұмыс жасайтын маман;
- әлеуметтік бағыттағы мекемелер: (әлеуметтік қамтамасыз ету, жұмыссыздарға, аз қамтылған отбасыларға, жұмысқа жарамсыз азаматтарға қолдау көрсету және көмектесу т.б.);
- қоғамдық ортада жасөспірімдердің мәселесімен айналысатын мекемелер, (коррекция және реабилитация орталығы, арнайы мектептер, балалар түрмелері);
- балалардың бос уақыттарын ұйымдастыру және балалар шығармашылығын қолдау орталықтарында және т.б. мекемелерде жұмыс жасай алатын маман – әлеуметтік педагог болып табылады.

Қарап отырсақ, әлеуметтік педагог көбінесе халыққа қызмет көрсету мекемелерінде, яғни халықтың мұң-мұқтажы үшін қызмет атқарады. Халықтың осал бөлігімен жұмыс жасайды. Демек көмек беру немесе рухани қолдау секілді волонтерлық қызметтің құраушы элементтері дәл осы


әлеуметтік педагогтың қызметінен көрініс тауып жатады. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының кәсіби қамтамасыз ету саласы бірнеше бағытты қамтиды. Бірнешеуіне тоқталар болсақ, аз қамтылған отбасылармен жұмыс, көп балалы отбасылармен жұмыс, отбасын мүшелері ішкілікке салынған немесе ауытқулары бар ата-аналармен жұмыс т.б. Сонымен қатар әлеуметтік педагогтың негізгі жұмыс жасау объектісі – балалар мен жасөспірімдер болғандықтан, балалардың кемшін тұстарымен жұмыс жасайды. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар, қараусыз қалған балалар, көше тәртібін ұстанатын балалар, үлгермеуші балалар, қиын балалар, денсаулығында кемістігі бар балалар, дарынды балалар т.б. балалардың категориясы – әлеуметтік педагогтың нысанындағы балалар болып табылады. Сонымен қатар, волонтерлар табиғаттың тазалығы үшін де күреседі. Ғаламшардың экологиялық жағдайы, кедейшілік мәселесі, ауыз су проблемасы т.б. жағдайлардың барлығы волонтердың жұмыс аумағы болып табылады. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ш.Таубаеваның пікірінше, әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметін «өзара байланыста қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті туғызатын элементтердің жиынтығы деп қарастырсақ болады. [2;71]. Әлеуметтік педагогтың негізгі қызметі өздеріне көмектесе алмайтын мұқтаж жандармен байланысты болғандықтан, волонтерлық қызметпен тығыз байланысты. Әлеуметтік педагог кәсіби мамандығын мұқтаж жандарға қол ұшын беру іс-әрекеттерімен толықтырып отырса, нағыз өз ісінің шебері болып шығар еді. Ш.Таубаеваның анықтамасындағыдай, бір-бірімен тығыз байланысты, рухани дамыған әрі кәсіби жетілген маман пайда болған болар еді.

Волонтерлік қызметтің негізгі түрлері - әлеуметтік көмек, халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған бөлігіне, өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға қол ұшын созуға қатысу, қарияларға, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету, денсаулығында ақауы бар балалар үшін қолайлы жағдайлар ұйымдастыру, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік бейімдеу, табиғат апаттарынан, әлеуметтік шиеленістерден зардап шеккен азаматтарға, өз елінен еріксіз кетушілерге көмек көрсетуге қатысу, жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайлардың алдын алуға және салдарларын жоюға көмек көрсету, хабарсыз кеткен туыстарын іздеуге қатысу, қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, тарихи және мәдени мұраны сақтауға атсалысу, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу т.б. болып табылады.

Біз зерттеу жұмысымызды сұрақ-жауап анкета және интервью әдісін пайдалана отырып халықтан әлеуметтік сұраныс жүргіздік. Сұрақтардың мазмұны: Әлеуметтік жұмыс дегенді қалай түсінесіз? Халықты әлеуметтік қорғау дәрежесі сізді қанағаттандыра ма? Волонтер деген сіздің ойыңызша кімдер? Волонтердың жұмысын сіз қалай бағалайсыз? Біздің қоғамымыз үшін волонтерлардың тигізетін пайдасы қандай? Қазақстанда волонтер қызметі дамыған ба? деген сипаттағы сұрақтарға халықтан жауап алдық.

Зерттеу нәтижелері. Респонденттердің көпшілігі әлеуметтік қызмет көрсету сервисінің елімізді жеткілікті түрде дамымағанын, даму үстінде екенін білдірді. Және басым көпшілігі волонтер ісін өте сауапты іс деп санайтынын және олардың қызметтеріне қанағаттанатынын атап өтті. Өлі де волонтерлықты дамыту қажет екендігіне баса назар аударды. Шағын зерттеу нәтижелерін диаграмма әрі таблица түрінде көрсетеміз.

№	Сұрақтардың мазмұны	Иә	Жоқ
1	Әлеуметтік қызмет деңгейі сізді қанағаттандырады ма?	8	15
2	Волонтерлық қызмет халық үшін пайдалы деп ойлайсыз ба?	20	5
3	Волонтерлық әрекет Қазақстанда қаншалықты дамыған?	5	18



Жалпы интервью барысында 23 азаматтан сұрақ алынған болатын. Респонденттердің жауаптарын талдай келе, волонтер қызметінің аса маңызды екендігін және көмекке мұқтаж азаматтар үшін өте қажетті екендігіне көз жеткіздік.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Зерттеу тақырыбымыз волонтер мәселесі болғандықтан, біраз зерттеу жүргізгендегі мәліметтерге тоқтала кетсек. Елімізде 2010 жылдың 30 сәуірінен бастап Ұлттық волонтерлар желісі іске қосылған. Бұл желі БҰҰ Еріктілер Бағдарламасының жобасы болып табылады. Бұл желі арқылы волонтерлық мақсатта құрылған ұйымдар сонымен бірге волонтерлыққа қызығушылық танытқан кез-келген жеке тұлғалар қосыла алады. Мақсаттары: еріктілік бастамаларды одан әрі дамыту және дүние жүзіндегі еріктілердің бір мақсат-мүддеге бірігуі.

Жамбыл облысы бойынша зерттеу нәтижелерін талдай келе, «Қамқор» волонтерлік-қайырымдылық жобасының іске қосылғанын анықтадық. Өңірдегі мұқтаждықтың деңгейін анықтау мақсатында құрылған бұл жобаның мүшелері халықтың әлеуметтік картасын жасауға ат салысты. Халықтың әлеуметтік жағдайын ескере келе, облыс орталығында қайырымдылық дүкені іске қосылған болатын. Бұл дүкендерде аз қамтылған отбасылар үшін киім-кешек және тұрмыстық заттар таратылды.

Қазіргі кездегі статистика мәліметтерін зерттеп көрсек, жер бетінде 1 миллиардқа жуық адам волонтерлікпен айналысады екен. Жамбыл облысы бойынша «Біз біргеміз» деп аталатын ұйымда 2000 нан астам волонтер тіркелген. Ал осы ұйымның 150 ден аса мүшесі М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттері болып табылады. Жалпы Қазақстан бойынша, qazvolunteer.kz сайтына 16 мыңнан аса студент тіркелген болып отыр. Бұл сайт арқылы ұйымдар өткізетін іс-шараларға қатысуға және волонтерлық туралы мәліметтерді білуге болады.

Волонтерлік іс-әрекет М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттер өмірінің де ажырамас бөлігі. Университет жастары да сауапты істен құр қалып жатқан жоқ. «Қазақстан студенттер альянсы» Республикалық студенттік қозғалысының ТарМУ штабы құрылған. Ұрандары: «Жарқын болашақ жастардың қолында!», мақсаттары: жалпы көмекке мұқтаж жандарға, тұрмысы төмен отбасыларға көмектесу. Қазақстан

волонтерлар лигасының Дулати университетінен құрылған филиалы белсенді жұмыстар атқарып келеді. Еріктілер жұмысындағы басты ерекшелік - волонтер өз жұмысына ақы сұрамайды, оның жұмысы, оның қызметі риясыз. Волонтерлік қозғалыстың символы- жоғарыға көтерілген және түрлі-түсті адамдардың қолы. Волонтер кімге болса да адал ниетімен көмек қолын созуға даяр тұрады әрі «бірлесе көтерген жүк жеңіл» деген ұстанымды дәріптейді. Жастарымыз мұқтаж жандарға көмек қолын созуға әрдайым дайын болуы керек. Қайырымдылық пен мейірімділік-қанымызға сіңген қасиет» - дейді ұйымның төрайымы А. Ауесханова.

Бұл ұйымның негізгі міндеттері:

- қарттарға, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету, жетім балаларды, атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік бейімдеу.
- қоршаған ортаны қорғау және сақтау.
- қаладағы ТЖМ өкілдеріне, төтенше жағдайлар орын алғанда көмек көрсету.
- қала бойынша қайырымдылық іс шараларын көптеп өткізу.
- «Қазақстан Волонтерлар Лигасы» еріктілер қозғалысына еріктілер шақыру, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Карантин кезінде ұйым студенттері көптеген аз қамтылған отбасыларға азық-түлік, қажетті гигиеналық заттар және дәрі дәрмектерін жеткізіп беруге ат салысты. 2020 жылды мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Волонтер жылы-2020 деп атауы да тегін емес. Әсіресе биыл төрткүл дүниені дүр сілкіндірген пандемия індеті кезінде еріктілердің жұмысының қандай маңызды екенін көрдік. «Жұмыла көтерген жүктің жеңіл» екендігін, «Елдіктің күші бірлікте» екендігіне куә болдық. Пандемия кезінде, өз еркімен жақсылық жасауға ұмтылған жандардың қатары бірнеше есе артты, адамдар бұрынғыға қарағанда мейірімді, жұмсақ бола түсті. Денсаулықтың қадірін түсінді, адамгершілік қасиеттері арта түсті деуге болады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, волонтерлық іс-әрекеттің маңызы күннен күнге артып отырғандығы, дәл қазіргі адамдарға құрмет пен адамгершілік жетіспей тұрған бүгінгі қоғамда қажетті, сауапты іс екендігі дәлелденді. «Әлемді мейірім құтқарады» деген тұжырымды алға тартатын болсақ, мейірімді адамдардың саны артқан сайын, қоғам да ізгілене түспек. Волонтерларды материалдық тұрғыда демеу, қоғам болып қолдау қажеттілігі туындауда. Сонда ғана бұл қызметтің жұмысы алға баспақ. «Жыл волонтері» премиясын енгізу, Жаңа жобаларды іске қосу, Жоғары оқу орнымызда қайырымдылық ұйымын ұйымдастыру секілді волонтерлар тарапынан жасалған ұсыныстар өзі кезегінде шешімін тауып жатса, «нұр үстіне нұр» болар еді демекпіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика [Мәтін] / Жалпы редакциясын басқарған экон. ғылым. д-ры, профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. - 482 б.
2. Таубаева, Ш.Т. Методология и методика дидактического исследования [Текст] / Ш.Т. Таубаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 170 б.
3. Волонтерлік қызмет халықтың шынайы болмысы [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік режимі: <https://egemen.kz/article/220725-volonterlik-%E2%80%93-khalyqtynh-shynayy-bolmysy>
4. Қоянбаев, Ж.Б. Педагогика [Мәтін] / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. – Алматы: Эверо, 2004. – 420 б.

5. Майгаранова, Ш. Оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері [Мәтін] / Ш. Майгаранова. – Алматы: «Білім», 2001.

Мақала редакцияға 25.04.22 түсті.

Ж.С. Таджибаева

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

Аннотация. В статье излагается деятельность будущего социального педагога, описание одного из основных направлений работы социального педагога – волонтерской деятельности, формирование духовно-нравственного воспитания через волонтерскую деятельность. Волонтерская деятельность-общественно полезная деятельность, выполняемая по социально ориентированному волеизъявлению, осуществляемая на безвозмездной основе в интересах физических и (или) юридических лиц. Различные направления волонтерской деятельности: медиа-волонтерство, волонтерство с животными, культурное волонтерство, спортивное волонтерство, этно-волонтерство и др. Основные виды волонтерской деятельности - оказание социальной помощи малообеспеченным слоям населения, участие в оказании помощи детям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, социальное обслуживание престарелых, инвалидов, организация благоприятных условий для детей с дефектами здоровья, социальная адаптация детей, оставшихся без попечения родителей, участие в оказании помощи гражданам, пострадавшим от стихийных бедствий, социальных конфликтов, вынужденным выбывшим из своей страны, оказание помощи местным исполнительным органам в предупреждении и ликвидации последствий чрезвычайных, участие в охране и сохранении окружающей среды, сохранении исторического и культурного наследия, организация и проведение профилактической работы по противодействию распространению социально значимых заболеваний и др. В исследовательской работе были использованы методы вопросов и ответов, анкет и интервью. Всего в интервью приняли участие 23 гражданина. Анализируя ответы респондентов, мы убедились в том, что волонтерская деятельность очень важна и необходима для граждан, нуждающихся в помощи. Проведено исследование направлений работы, требований и потребностей волонтеров по Жамбылской области.

Ключевые слова: волонтер, волонтерская деятельность, социальная педагогика, социальная помощь, коррекция, Социальная педагогика и самопознание, обслуживание населения, «мы вместе», интервью, респондент, Год волонтера -2020, пандемия.

Zh.S. Tadjibayeva

M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

FORMATION OF SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF UNIVERSITY STUDENTS THROUGH VOLUNTEER ACTIVITY

Abstract. This article describes the activities of the future social teacher, a description of one of the main areas of work of the social teacher – volunteer activity, the formation of spiritual and moral education through volunteer activities. Volunteering is a socially oriented voluntary, socially useful activity performed on the expression of Free Will, carried out on a gratuitous basis in the interests of individuals and (or) legal entities. Various areas of volunteer activity are represented: media volunteering, animal volunteering, cultural volunteering, sports volunteering, ethno-volunteering, etc. Main

types of volunteer activities - social assistance, participation in providing assistance to socially vulnerable segments of the population, children who are in a difficult life situation, social services for the elderly, disabled people, Organization of comfortable conditions for children with health problems, social adaptation of children left without parental care, participation in providing assistance to citizens affected by natural disasters, social tension, forced departure from their country, assistance to local executive bodies in preventing and eliminating the consequences of emergency situations, participation in the search for missing relatives, participation in the protection and preservation of the environment, preservation of historical and cultural heritage, organization and implementation of preventive work to combat the spread of socially significant diseases, etc. Questions and answers, questionnaires and interview methods were used in the research work. In total, 23 citizens took part in the interview. After analyzing the responses of the respondents, we were convinced that volunteer activities are very important and very necessary for citizens in need of assistance. A study of the directions, requirements and needs of volunteers in Zhambyl region was conducted.

Keywords: volunteer, volunteering, social pedagogy, social assistance, correction, social pedagogy and self-knowledge, Public Service, «We are together», interview, respondent, Volunteer year -2020, pandemic.

References

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика [Russian-Kazakh explanatory dictionary: Pedagogy] / E. Arin. - Pavlodar: "ECO" GEF, 2006. - 482 p. [in Kazakh].
2. Таубаева, Ш.Т. *Методология і методика дидактичeskого іссledovaniya* [Methodology and methodology of didactic research] / Sh.T. Taubayeva. - Almaty: Kazakh University, 2015. - 170 p. [in Russian].
3. *Volonterlik qızmet xalıqtıń şınayı bolması* [Volunteering is the true nature of the people] / [Electronic resource] - Access mode: <https://egemen.kz/article/220725-volonterlik-%E2%80%93-khalyqtynh-shynayy-bolmysy>
4. Koyanbaev, J.B., Koyanbaev R.M. *Pedagogika* [Pedagogy]. - Almaty: Evero, 2004. - 420 p. [in Kazakh].
5. Maıgaranova, Sh. *Oqwşınıń tulǵalıq qasıetterin damıtwdıń pedagogikalıq negızderi* [Pedagogical foundations of student personality development]. - Almaty: Bilim, 2001. [in Kazakh].